

**Жазғы лагерлер тәлімгерлерінің  
біліктілігін арттыру курсының  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«Балалар лагерлерінің қызметін ұйымдастырудың  
заманауи жолдары»  
(36 сағат)**

**Түсініктемехат**

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағыттары Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында көрсетілген, соның бірі тез өзгеретін әлемде білім алу талаптары мен табыс пен әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының зияткерлігі қалыптасқан, дене және рухани дамыған азаматын қалыптастыру болып табылады.

Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында: «Барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр» деп айтып көрсеткен.

Жазғы сауықтыру лагерлері жұмыстарының жетістігі көбінесе балалармен шығармашылық қызметте жұмыстануына, педагогикалық кадрлардың дайындық деңгейлеріне, олардың қазіргі балаларға бейімделуіне, араласу ептілігін білуіне байланысты.

Балалар жазғы сауықтыру лагерлеріндегі «балалар білім кафедрасында» ғылыми-ізденіс түріндегі шығармашылық сабақтармен бірге балалардың демалуы мен денсаулығының нығайуы үйлесетін білім беру және көңіл көтеру бағдарламаларын жүзеге асыру қажет.

Біліктілікті арттыру курстарының негізгі мақсаты – сауықтыру лагерлері жағдайындағы балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен сауықтыру бойынша жұмысты ұйымдастыратын педагогтер мен тәлімгерлерің тәжірибелік және әдістемелік көмегі.

Заманауи оқытудың маңызды сипаты – оқушыларды әлеуметтік өзгерістер жағдайларына дайындауға тек бейімдеп қана қоймай, сондай-ақ оларды белсенді меңгеруге бағыттау қажет. Білімді жетілдіру жағдайында тәлімгерлердің кәсіби дайындығына талап арта түсуде, себебі тәлімгерлердің міндеті балалардың табысты әлеуметтендіруімен функционалды сауаттылықтарын дамыту үшін қолайлы жағдайларды жасаудан тұрады.

Тәлімгерлер балалар қоғамдық ұйымдарының, бірлестіктері үйренушілерінің (тәрбиеленушілер, балалар) еріктілік, өз әрекеттік, адамгершілік пен бұқарашылдыққа ынталанған, қызығушылық пен қажеттілік қағидаттары қызметтерін бағдарламалауын дамытуы мен көмектесуіне мүмкіндік береді. Олардың жас мүдделері мен өмір талаптарына сәйкес балалар ұйымдарының, бірлестіктерінің қызметінің мазмұны мен түрін жаңартуға септігін тигізіп, олардың ұжымдық-шаруашылық қызметін ұйымдастырады.

Үйренушілерге (тәрбиеленушілер, балалар) азаматтық және адамгершілік ұстанымын білдіруге, өз мүдделері мен қажеттіліктерін жүзеге асыруға, бос уақыттарын қызықты және олардың дамуы үшін пайдалы өткізуге мүмкіндік беретін қолайлы жағдай жасайды. Оған сеніп тапсырылған үйренушілердің (тәрбиеленушілер, балалар) денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамқор болады.

Балалар қоғамдық ұйымдары негізінде мектептер мен мектептен тыс ұйымдарда құрылған. Еріктік балалар ұйымдарының барлық түрлеріне қарамастан балалардың өзіндік танымы мен мәселені өзі шешу қабілеттілігін дамытуға септігін тигізеді.

Аталған лагер тәлімгерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасында ғылыми-зерттеу сипатындағы шығармашылық сабақтармен балалардың демалуы мен денсаулығын нығайтуы үйлесілген мәселелер қарастырылған.

Оқу бағдарламасы негізгі модульдерден тұрады:

**Нормативтік құқықтық модуль** болашақ лагер тәлімгерлерді балалардың демалу мен сауықтыруын ұйымдастыру бойынша жұмысын реттейтін құқықтық және әлеуметтік мәртебесін, лауазымдық міндеттері мен құқықтарын, сондай-ақ балалар құқығы белгіленген заңнамалық және нормативтік актілердің ережелерімен және басқа құжаттармен таныстыруды қарастырады.

**Психологиялық-педагогикалық модуль** балалармен психологиялық-педагогикалық жұмысының білім негіздерін қалыптастыруды, баланың жеке басының, балалардың жас ерекшеліктері, бала ұжымының заңдылығын қалыптасуы, тұлғааралық қатынастың проблемалары, тұлғааралық және топтық жанжалдардың туындауы мен оны жеңу мәселелерін қарастырады.

**Теория-технологиялық модуль** балалар мен жасөспірімдер жазғы демалысын ұйымдастырудың әдістері, ауысымды ұйымдастырудың логикасын, тәлімгерлік шеберліктің негіздері қарастырады. Топ құру әдісінің негіздері мен жұмыстың кіші формасын қалыптасуы, тәрбиелік және білім беру қызметінің сапасын көтеруге септігін тигізетін және баланың тұлғалық дамытуына, сондай-ақ инновациялық оқыту технологияларын енгізуге бағытталған негізгі педагогикалық технологияларды ашады.

**Бағдарламаның тәжірибеге бағдарлау модулі** бала қызметінің басты түрі ретінде ойындардың негізгі түрлерімен танысудан тұрады. Ойын материалдарымен тәжірибеде игеру, лагер тәлімгерлері ойынның қажетті жиынтығын игеруі немесе ойын жинағын толтыру, жаппай акциялар мен іс-шаралар ұйымдастыру мен өткізудің бастапқы дағдыларын меңгеру.

Мақсатты топтың сипаттамасы: жазғы сауықтыру лагерлерінің тәлімгерлері, мектеп жанындағы лагерлер, қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері.

Курсты өткізудің негізгі формалары - дәрістер, семинарлар, практикумдар, шығармашылық шеберханалар, шебер-класстар, тренингтер болып келеді.

**Бағдарлама мақсаты:**

Балалар сауықтырубілім беру орталықтарында, қала сыртындағы лагерлерде жұмыс істеу үшін лагер тәлімгерлер кадрларына әдістемелік қызмет көрсету;

Бала оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың теориялық және әдіснамалық негіздерін меңгерген лагер тәлімгерлерінің, тәрбие жұмысы бойынша директор орынбасарларының, ұйымдастырушы-педагогтердің, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша жағдайлар жасау;

Балалар сауықтыру лагерлерітәлімгерлерінің кәсіби біліктілігін қалыптастыру;

### **Міндеттері:**

тыңдаушыларды басқарудың психологиялық-педагогикалық негіздерімен таныстыру;

корпоративтік басқарудың әдістерін қолдану дағдыларын қалыптастыру;

ұйымдастырушылық және коммуникативтік дағдыларды дамыту;

өзін-өзі жетілдіруге және шығармашылық қызметке уәждемені дамыту;

жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, көпшілік мерекелер мен жасак шараларды ұйымдастыру мен өткізу, қолданбалы қызметтің алуан түрлерін оқыту.

### **Білім:**

тиімді қатынас жасаудың негізгі тәсілдері;

бастауыш мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің жас дамуының ерекшеліктері;

басшы жұмысының нормативтік-құқықтық негіздері;

уақытша балалар ұжымының ерекшеліктері;

лагерлік ауысымды дамытудың қисыны, тақырыптық күндерді ұйымдастыру әдістемесі;

ұжымдық-шығармашылық істерді және шағын формалы жұмыстарды ұйымдастырудың әдістемесі;

ойын қызметі;

бала өмірі мен денсаулығын қорғау.

### **Икемділік:**

диагностикалық икемділік;

жобалы (жасақтағы балалармен ұжымдық және жеке жұмысын жоспарлау, нақты мақсаттар мен міндеттерді белгілеу, өзіндік педагогикалық қызметін жоспарлау);

ұйымдастырушылық (жасақтағы тіршілік әрекетін ұйымдастыру, топтағы жұмысты ұйымдастыру, өз қызметін үйлестіру);

коммуникативтік (балалармен өзара қарым-қатынастаболу, жеке тіл табысу жолдарын таңдау);

талдау-рефлексивтік (педагогикалық жағдаяттарды талдау, балалар жұмысындағы талдауды ұйымдастыру, өз қызметін талдау);

қолданбалы (бұрыштарды безендіру, жүлделерді дайындау).

### **Күтілетін нәтиже:**

балалар сауықтыру білім беру орталықтарындағы, қала сыртындағы лагерлердегі жұмыстарына қажетті теориялық білімдерді меңгеру;

қажетті тәжірибелік дағдыларды алу, спорттық-сауықтыру шараларды,

мерекелерді, байқауларды, ойындарды ұйымдастыру және өткізу.

### Модульдің мазмұны

	Модульдің атауы	Сағат саны	Нысан	
			дәріс	практика
1.	<b>Нормативтік құқықтық модуль</b>	<b>8</b>	<b>7</b>	<b>1</b>
1.1.	Балалар сауықтыру лагерлерінде педагогикалық қызметтің заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау	4	4	0
1.2.	Балалардың сауықтыру лагері қызметінің негіздері	2	1	1
1.3.	Балалардың демалыс және сауықтыру ұйымдарындағы ұйымдық-басқарушылық қызмет	2	2	0
2.	<b>Психологиялық-педагогикалық модуль</b>	<b>6</b>	<b>3</b>	<b>3</b>
2.1.	Бала дарындылығының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	2	1	1
2.2.	Балалар сауықтыру лагерлеріндегі балалардың жазғы демалысы бойынша педагогикалық жасақтарға арналған авторлық бағдарламаларды құрастырудағы әдістемелік нұсқаулықтар	2	1	1
2.3.	Балалар жазғы демалыстарының педагогикасы. Балалардың шығармашылық арқылы уақытша ұжым жағдайындағы қарым-қатынас психологиясы	2	1	1
3.	<b>Теориялық-технологиялық модуль</b>	<b>12</b>	<b>5</b>	<b>7</b>
3.1.	Балалардың жазғы демалысын ұйымдастырудың әдісі. Заманауи жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне сәйкес аусымды ұйымдастыру логикасы	4	2	2
3.2.	Балалар сауықтыру лагерлерінің инновациялық қызметіндегі әлеуметтік-педагогикалық аспектілері. Тәлімгердің педагогикалық	4	1	3

3.3.	стиліндегі тұлғалық-бағдарлау тәсілі Тәлімгерлік шеберліктің негіздері. Жазғы балалар лагерлеріндегі білімділік, ойын-сауық, сауықтыру бағдарламаларын орындау	2	1	1
3.4.	Топ құру әдісінің негіздері. Жұмыстың кіші формасы	2	1	1
4.	<b>Тәжірибеге бағдарлау модулі</b>	<b>10</b>	<b>5</b>	<b>5</b>
4.1.	Жазғы сауықтыру лагерлерінде тәлімгерлердің педагогикалық қызметінің сапасын арттыру шеберханасы	2	1	1
4.2.	Шығармашылық практикум. «Бала - дамушы субъекті»	4	2	2
4.3.	Бала тұлғасын тәрбиелеудің әдісі - ойын қызметінің түрі. Ойын практикумы	4	2	2
<b>Барлығы:</b>		<b>36</b>	<b>20</b>	<b>16</b>

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2007 ж.)
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы
4. Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын, сондай-ақ мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 07 тамыздағы № 323 бұйрығы
5. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013ж. 17 мамырдағы №499 заңымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»
7. Жексенбаева Ү.Б. Қазіргі заманғы мектептегі күзиреттілікке бағдарланған білім. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2009. 190 бет.
8. Каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыруды әдістемелік

қамтамасыз ету. – Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, Астана, 2012. 62 бет.

9. Қосымша білім берудің бағыттары бойынша жазғы сауықтыру және бағдарлы лагерлерінде тәлімгерлердің жұмыстарын ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулар(әдістемелік нұсқаулар) – ҚР БҒМ РҚББОӘО әлеуметтік-педагогикалық бөлім – Астана, 2013., - 82 бет.